

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына ядролық отынның (ИРТ-3М үлгісіндегі жылу бөлгіш жиналымдар) транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 18 қаңтар N 69

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Z960009_ Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына қосымшаға сәйкес санда 1996 жылғы 22 маусымдағы N 5922 келісім-шарт бойынша Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Ядролық физика институты үшін (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) "Новосибирск химконцентраттар зауыты" ашық акционерлік қоғамы (Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы) беретін ядролық отынның (ИРТ-3М үлгісіндегі жылу бөлгіш жиналымдар) транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация халықаралық ұйымының кеңесі бекіткен қолданыстағы Әуе арқылы қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулыққа (ИКАО)/Дос 9284 - АН/905 және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес айрықша қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Новосибирск-Қарағанды-Ташкент бағыты бойынша "Волга-Днепр" авиакомпаниясының әуе кемесімен жүзеге асырылатын жүктің транзиттік тасымалын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ядролық отынның (ИРТ-3М үлгісіндегі жылу бөлгіш жиналымдар) транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 18 қаңтардағы
N 69 қаулысына қосымша

1996 жылғы 22 маусымдағы N 5922 келісім-шартының қосымшасына
сәйкес Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының
Ядролық физика институты үшін "Новосибирск химконцентраттар
зауыты" ашық акционерлік қоғамы беретін тауарлар саны

N! СЭҚ ТН ! Тауардың ! Өлшем ! Саны ! Бірлік үшін ! Жалпы құны
р/с! коды ! атауы ! бірлігі ! бағасы АҚШ ! АҚШ
! ! ! ! ! долларымен ! долларымен

1	840130000	ядролық отын жиналымдар 24	12570	301680.00
		(ИРТ-3М үлгісіндегі жылу бөлгіш жиналымдар)		

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.